



**Автор:** АБИШЕВА ГУЛИМ АЛСТАЕВНА

**Пән:** Қазақстан тарихы

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы

**Тақырып:** Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?

|   |  |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.3.1.7 – XX ғасырдың 20 – 30 жылдардағы әміршіл – әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау<br>8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау |
| Сабақтың мақсаты:                             | Қазақстандағы жаңа экономикалық саясаттың кемшіліктері мен жетістіктерін талдау  |
| Тілдік мақсаттар:                             | Диалог құруға \ жазылымға қажетті сөздер топтамасы Әміршіл – әкімшіл жүйенің құру жолындағы қателіктер неде? ЖЭС – ті құру жолындағы күресі қалай жүргізілді?  |
| Күтілетін нәтиже:                             | Әскери коммунизм саясаты мен ЖЭС – тің белгілері мен жіберілген қателіктерін талдайды  |
| Бағалау критерийлері:                         | XX ғасырдың 20 – 30 жылдардағы әміршіл – әкімшіл жүйе саясатының жіберілген қателігін және халыққа тигізген әсерін талдайды -<br>ЖЭС - тің құрылуындағы мақсаттары мен себептерін бағалайды                              |
| Құндылықтарды дарыту:                         | патриотизм, азаматтық тәрбие   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | презентация, слайд, бейне баян   |
| Пәнаралық байланыс:                           | география, дүниежүзі тарихы  |
| Бастапқы білім:                               | Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуын біледі  |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері   | Жоспарланған іс-әрекет   | Ресурстар               |
|-------------------|--|-------------------------|
| Сабақтың басы (5) | Оқушылармен сәлемдесу. ҚР мемлекеттік Гимнін орындау. (2мин) Миға шабуыл. Жаңа сабаққа көпір салу. Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы қандай болды?<br>«Барлық артық өнім мемлекетке. Жекеменшікке бір тиын да берілмесін» деген ұран жазылған тарихи суретті шығарып, сұрақтар қою: Барлық өнімді мемлекетке өткізу қандай жағдайға алып келді?<br><b>Зерттеу және талдау. Жұптық тапсырма.</b><br>Әскери коммунизм саясатының себебін, барысын салдарын белгілейді.<br>1-тапсырма. Оқушылар кестенің сәйкес бөлігін толтырады: Себебі Барысы (шаралар) Салдары/ нәтижесі Әскери коммунизм саясаты ЖЭС | OnlineMektep, BilimLand |

| Сабақкезеңдері          | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар               |
|-------------------------|---|-------------------------|
| Сабақтың ортасы<br>(20) | <p>Оқушылар әскери коммунизм саясатының зардаптарын талқылауда шаруалар көтерілістері туралы ақпарат берген соң сұрақ қою: КП (6) X съезінде осы жағдайдан шығу мақсатында қандай қаулы шығарды? Оқушылар талқылауы арқылы сабақ тақырыбына шығып, тақырыпты толық таныстыру. Балалар сонымен бүгінгі біздің сабағымыздың мақсаты қандай болмақ қалай ойлайсыздар? Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне тоқталу.</p> <p><b>Зерттеу сұрағы:</b> Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылық-тары қандай болды?</p> <p><b>Сабақ мақсаты</b> Қазақстандағы жаңа экономикалық саясаттың кемшіліктері мен жетістіктерін талдау.</p> <p><b>Терминдік сөздер:</b> ЖЭС, Жер су реформасы, Қосшы одағы, азық түлік салығы, қаржылық реформа, қуаңшылық.</p> <p><b>Кинометафора әдісі</b> «Жаңа экономикалық саясат кезіндегі Қазақстан» бейне баянын көру OnlineMekter, BilimLand платформасы. Түртіп алу стратегиясы Слайд арқылы тақырып мазмұнына үңілу</p> <p><b>2-тапсырма. Жеке жұмыс Кеңестік биліктің жүргізген экономикалық саясатын салыстырады.</b> Әскери коммунизм саясаты ерекшеліктері Ұқсастықтары Жаңа экономикалық саясат ерекшеліктері</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Жеке жұмыс. OnlineMekter, BilimLand платформасы арқылы тапсырма орындау</p> | OnlineMekter, BilimLand |
| Сабақтың соңы<br>(10)   | <p>Сабақты қорытындылау</p> <p><b>4-тарсырма А.В.С таспырмасы Тони Раянның «Дананы кілттері» әдісі</b></p> <p>“Жаңа дизайн”,<br/>“Алфавит” кілті,<br/>“Кемшіліктер” кілті</p> <p><b>5-тапсырма Жеке оқулықпен жұмыс. Фишбоун әдісі</b> арқылы Жер-су реформасының себеп-салдарын анықтап қорытындылау</p>   |                         |
| Рефлексия<br>(5)        | <p>“Білім қоржыны”<br/>"Атамекен" әні<br/>25-26 тақырып оқу</p>   |                         |